

**2014 жылы Екібастұз қаласының елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы N 198/25 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде N 3760 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" N 183 қаулысына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 2014 жылы Екібастұз қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына тәмендегідей әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс айлық есеп көрсеткішіне тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия тәрағасы*

*T. Шмидт*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*B. Куспеков*